

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Литвинов В.Ф. Инфекционные зоонозы диких млекопитающих Беларуси / В.Ф. Литвинов // Современные проблемы природопользования, охотоведения и звероводства. – 2004. – №1. – С. 202-204.
- 2 Горячев И. И. Пространственно-временные и популяционные границы проявления зоонозов в Центральном регионе Европейской части РФ дис. ... канд. вет. наук: / Горячев И.И. – Нижний Новгород, 2007. – 172 с.
- 3 Сидорчук А.А. Современные представления о зоонозах / А.А. Сидорчук // Российский ветеринарный журнал. – 2012. – №4. – С. 6-7.
- 4 Сидорчук А.А. Краткий словарь эпизоотологических терминов / А.А. Сидорчук, А.А. Глушков. — М.: Колос, 2007. – 144 с.
- 5 Болотин Е. И. Некоторые методологические аспекты изучения природных очагов зоонозов / Е.И. Болотин // Паразитология, 1999. – №3. – С. 192-197.
- 6 Макаров В. В. Эпизоотологический лексикон / Макаров В.В., Гусев А.А., Гусева Е.В., Сухарев О.И. — М.: Колос, 2001. – 176 с.
- 7 Коренберг Э. И. Основы современных представлений о природной очаговости / Э.И. Коренберг, РЭТ-инфо. – 2000. – №3 . – С. 1-5.
- 8 Покровский В. И. Инфекционные болезни и эпидемиология / В. И. Покровский, С.Г. Пак, Н.И. Брико, Б.К. Данилкин: учебное пособие 2-е изд., испр. и доп. 2009. – 816 с.
- 9 Литвин В. Ю. Природная очаговость болезней: развитие концепции к исходу века / В. Ю. Литвин, Э. И. Коренберг // Паразитология. – 1999. – 33(3). – С. 179-191.

ТҮЙІН

Эпизоотиялық терминология, әсіресе заманауи ұғым түсінім негіздегі «зооноздар» туралы ұғым қарастырылады.

RESUME

In this article discussed the issues of epizootic terminology, in particular the notion "of zoonoses" on the basis of modern concepts, the mechanisms of transmission of zoonoses are examples of the most common diseases of animals.

ӨОЖ: 619.616.24-002:615.03

Ф. Б. Закирова, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент

Г. К. Жумагалиева, ветеринария ғылымдарының магистрі, оқытушы

А. Р. Махсотова, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

**БҰЗАУ БРОНХОПНЕВМОНИЯСЫН ЕМДЕУДЕ ПУЛЬМОСАН
МЕН ТИЛОЗИН 200 ПРЕПАРАТТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Аннотация

Мақалада бұзау бронхопневмониясын емдеуде Пульмосан мен Тилозин 200 препараттарын қолдану кезінде аурудан айығу көрсеткіші жоғары болды. Сонымен қатар мақалада Пульмосан мен Тилозин 200 кешенді препараттарының терапевтикалық және экономикалық тиімділігі де көрсетілген.

Түйін сөздер: бронхопневмония, Пульмосан, Тилозин 200, гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштер, термометрия, аускультация.

Малдардың өнімінің сапасын арттырудың негізгі тірегі - ол уақытында өнімді аз бергеннен көрі малдарды шығыстан шығарып, олардың орнын жоғарғы өнімді дұрыс малдармен толықтырып отыру.

Малдарды күтіп-бағуды жақсылап ұйымдастыру, олардың ауру - сырқаудан аман болуын қадағалау, күтіп-бағылуын дұрыстау, ауру бола қалған жағдайда уақытында емдеу әдістерін қолдану, ауруды болдырмау үшін оның алдын алу шараларын уақытында жүргізу - жалпы мал мамандарынан бастап сол салада істеп жүрген барлық еңбеккерлердің ең негізгі жеке күрделі міндеттерінің бірі. Бұл аурулардың себептері мен даму процестері әртүрлі болып келеді. Сондықтан да бұл жүйелердің негізгі аурулары көп себептері бар аурулардың қатарына жатады.

Осы аурулардың ішінде ең жиі кездесетіні өкпенің қабынулары мен бронхының қабынуы. Өкпелердің қабынулары тыныс алу жүйесінің ауруларының ішіндегі ең жиі кездесетін аурулар. Олардың себептері көптігіне байланысты індетті және құрт ауруларынан ажырату үшін қоздырғышы нақтыланбаған қабынулар деп те атайды.

Мал арасында тыныстану ауруларының шығу факторлары полиэтиологиялық болады. Ауру патогенезінің негізіне терең функционалдық және құрамдық өзгерістер жатады, олар өкпе ұлпаларында ауру ошақтарын өршітіп, зақымдауды келтіреді, дерт тұрақты қалыпта өтіп, ұзақ уақытқа созылып, көбінде өлімге әкеп соғады.

Қазіргі кезде малдың бронхопневмония ауруымен күресу мақсатында оны ерте мезгілде клиникалық белгілеріне қарап диагноз қойып, оған қарсы тиімді ем қолдану және алдын алу мәселелері әлі өз шешімдерін толық тапқан жоқ.

Ауру мал жаз айларында көлеңке жерде, қыста, күзде жылы, таза қорада ұсталып, құнарлы азықпен азықтандырылады. Төлдер сүт емуден шыққан болса, оларға міндетті түрде (7-10 күн бойына) қаймағы алынбаған сүт (3-4 литр бұзауларға) беріледі. Төлдердің күйін, құндылығын арттыру үшін витаминдер (А, Д, С, В), гидролизин Л-103, аминокентид-2, гаммоглобулин немесе енесінің қаны (тері астына, етіне) егіледі. Тыныс жолын кілегей сұйықтан тазарту үшін хлорлы аммоний, ас содасы, карбонат тұзы беріледі және скипидар, ихтиол, ас содасы буларымен емдеу әдісі қолданылады.

Бронхопневмония – бронхылар мен өкпенің қабынуы (катаральді қабыну, ошақты қабыну, нақтыланбаған қабыну). Бұл бронхылардың қуыстарына катаральді экссудаттың толуымен сипатталатын дерт. Бронхопневмониямен көбінесе төлдер және бордақыда тұрған жас мал ауырады [1].

Бронхопневмонияның экзогенді факторларына мыналар кіреді: көбіне аналық малдың азықтандыру құрамының бұзылуы және оның құрамында ретенолдың жетіспеуі. Бұлар А - гиповитаминоздың дамуына әкеліп соқтырады, оның салдарынан жас төлдердің азықтанып отырған сүтінде А витамині төмендейді. Гиповитаминоз А бұзауларда кілегейлі қабықтың тосқауыл функциясын дамытады, соның ішінде, тыныс алу жолдары, соңында олардың жолдарында микроорганизмдердің өтуі жоғарлайды. Сонымен қатар экзогенді факторларға әр түрлі азықтандырулар және жас төлді салқында немесе ыстықта ұстап қалу, қан айналымының бұзылуына әкеліп соғады, өкпедегі тоқыраған құбылыстардың кездесуі, бронхопневмонияның дамуына жағымды жағдай жасайды; жас төлді желдеткіші қанағатсыз жағымсыз қора - жайларда ұстау, сол себепті ауада шаң, көмір қышқылы, аммиак, күкіртті сутек, метан, сулы бу, немесе керсінше ауаның құрғауы байқалады; ауаның микробпен ластануы да бұзаулардың бронхопневмониясының пайда болуының экзогенді түріне жатады.

Осы аурудың пайда болуына алдын - ала факторлар стресс жағдайында (тасымалдау, өнеркәсіптік), ерте жасында ауруға шалдығуына байланысты, мысалы, асқазан – ішек жолдары (диспепсия) ауруы, жануар ағзасының резистенттілігінің төмендеуі (Данилевский М.В.[2]).

Бронхопневмония – бронхылар мен өкпенің қабынуы (катаральді қабыну, ошақты қабыну, нақтыланбаған қабыну). Бұл бронхыларың қуыстарына катаральді экссудаттың толуымен сипатталатын дерт. Патологиялық процесс өкпеде және өкпенің паренхимасында серозды экссудаттың болумен байқалып, ірі малдарда өкпенің катаралды қабынуындағы секілді көрініс көрінеді, бірақ бірінші бронхылар зақымданып, әрі қарай бронхы жолдарымен таралады, бұл ауру көбінесе жас төлдерде кездеседі, сондықтан ауру бронхопневмония деп аталады.

Бронхопневмония ауруы еліміздің кез келген аймақтарында тараған, асқазан – ішек жолдарынан кейін екінші орынға ие болып отыр. Осы қатардағы авторлардың мәліметі бойынша, жыл сайын елдерде бронхопневмониямен 20 - 30% бұзаулар ауырады екен. Ауырған алдардың нәтижесінде дене салмағы, асыл тұқымды сапалары және өнімі төмендейді, сондықтан бронхопневмонияның алдын алу шаралары бірінші сұрақ болып қалып отыр, сол себепті дер кезінде және сауатты шешім қабылдау тиіс.

Бронхопневмония көп себепті ауру болып табылады. Ол организмге бірнеше қолайсыз жағдайлардың (стресстер) бір мезгілде әсер етіп, оның табиғи төзімділігін әлсіретуінен пайда болады. Бронхитті тудыратын себептердің барлығы дерлік одан гөрі күштірек және ұзағырақ әсер етсе, бронхопневмонияның да себепкері болады.

Бронхопневмония ауруының таралуы мен қабыну процессі сипатталатын ошақты пневмонияға жатқызады. Ең алдымен бронхолар, бронхопневмониялар және бөлікшелері содан соң үрдіс өкпенің бірнеше бөліктерін, сегменттері мен бөліктерін жаулауы мүмкін болады (Молдағұлов М.А., Есқожаев Ө.К., Заманбеков Н.А. [3]).

Бронхопневмонияны зерттеушілер төлдер резистенттілігінің төмендеуінен буаз малдарды төлдеудің алдында толық құнды азықтармен азықтандырмаумен негізделген, сонымен қатар бұзау ұстайтын орындарда төлдерді өсіру кезінде салқын, дымқыл, желдеткіштер және қанағаттандырылмайтын микроклиматта ұстап өсіруден пайда болады. Сол себептен төлдердің резистенттілігінің төмендеуіне байланысты табиғаттың полиэтиологиялық ауруы деп санайды зерттеуші И.Г. Шарабрин өз еңбегінде [4].

Қанның кернеуінен және кілегей қабықтың ісініп домбығуынан бронхылардың өзегі тарылады, кейде жалқаяқпен бітеліп қалуы да мүмкін. Танау арқылы ақпа, жөтел пайда болады. Өкпе тұсын тыңдаған уақытта егер жалқаяқ сұйық болса – ылғалды сырыл, ал қоймалжың тұтқырланса – құрғақ сырыл естіледі [5].

Зерттеу мақсаты: Бронхопневмонияны уақытылы балау, аталған індетке қарсы тиімді шараларды жүргізу үшін ауру туралы мәліметтерді жинақтау, бұзау бронхопневмониясының пайда болуы мен оларға толығымен емдеу шараларын жүргізу өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеу әдістері мен материалдары: Қойылған мақсатқа жету үшін біздер жалпы және арнайы зерттеудің төмендегі тәсілдерін таңдадық: азық және су қабылдауын бақылау әдісін, термотерия, 1 минуттағы тыныс алу қозғалысы мен соғысын, көкірек қуысын аускультациялау әдістерін, гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштері алынды.

Алынған нәтижелер мен талдаулар: Әрбіреуінде 2 бұзаудан тұратын тәжірибелік және бақылау топтары құрылды. Тәжірибеге дейін және тәжірибеден кейінде екі топтың қан сынамасы алынып биохимиялық, гематологиялық талдау жүргізіліп тұрды. Гематологиялық зерттеулер жалпы қабылданған әдістер бойынша жүргізілді.

Тилозин 200 түссіз, сәл ғана ақшыл – сарғыш түсті болып келеді, өзіне тән иісі бар. 5% және 20 % стерильденген инъекциалды ерітінді түрінде, әйнек флакондарда 20, 50, 100мл мөлшерінде шығарылған.

Бақылау тобын емдеу сызбасы төмендегідей:

- Этиотропты терапия- 0,5 сульфадим-1 таблеткадан күніне 2 рет;
- Симптоматиялық терапия-10 %-ды кофеин бензоат натрий – 2мл күніне 1 рет;
- Алмастырушы терапия- тривит 3 мл 1 рет 7 күн бойы.

Тәжірибелік топ жануарларды емдеу сызбасы:

- Пульмосан-2 сүтпен 200 мл күніне 2 рет берілді;
- Тилозин 200-ді 0,025-0,05 мөлшерінде бұлшық ет ішіне, күніне 1 рет жүргіздік.

Емдеу ұзақтығы 5күн.

Күн сайын ауру жануарларды клиникалық тексерістен, термометрия және 1 минуттағы тыныс алу қозғалысы мен соғуын бақылап тұрдық. Біздің зерттеулерді талдай келе тәжірибелік топтағы жануарлардың 2-4 күннен соң дене температурасы қалыпты деңгейге жеткенін анықтадық. Күнделікті тексеру кезінде бұзаулардың жалпы жағдайы, төбетінің жоғарылағанын, жөтелдің тоқтауын, өкпедегі қырылдарды, минуттық тыныс алу қозғалысы мен соғуы тұрақталды. Жануарларда клиникалық сауығу 6-8 күнде байқалды. Ал, бақылау тобында сауығу бәсең болды. Жануардың дене температурасының физиологиялық көрсеткіштері 6-7 тәуліктен соң тұрақтады, ал аурудың орташа ұзақтығы 11 күнді құрады.

Қорытынды. Біздің жүргізілген зерттеулер қорытындысы бойынша бұзау бронхопневмониясын емдеуде тәжірибелік жануарларда пульмосан мен тилозин 200 және бакылау тобын емдеуде қолданылған препараттар тобы да шаруашылықта қолдануда тиімді. Жануарлардың аурудан сауығуы барлық топта да болды. Бірақта сауығу көрсеткіштері Пульмосан мен Тилозин 200 кешенді препаратын қолдануда 4 күн айырмашылығымен көрінді. Сонымен қатар бұзау бронхопневмониясын емдеуде Пульмосан мен Тилозин 200 препараты экономикалық тиімді болды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қожанов К.Қ. Малдың ішкі жұқпалы емес аурулары. – Семей, 2005. – 143–150 б.
- 2 Данилевский В.М. Внутренние незаразные болезни сельскохозяйственных животных. - М.: Агропромиздат, 1991. – С.134-142
- 3 Молдағұлов М.А. Есқожаев Ө.К. Заманбеков Н.А. Жануарлар ішкі аурулары. – Алматы, 2009. – 195. – 211 б.
- 4 Шарабрин И.Г. Болезни дыхания сельскохозяйственных животных. – М.: Агропромиздат, 1985. – 144–130 б.
- 5 Денисенко В.Н. Естественная резистентность больных бронхопневмонией телят / Ветеринария. 1983. – № 3. – С.137-140

РЕЗЮМЕ

При лечении больных бронхопневмонией телят препаратами Тилозин 200 и Пульмосан период выздоровления наступал быстрее. Приведены показатели терапевтической и экономической эффективности комплексных препаратов Тилозин 200 и Пульмосан.

RESUME

The article under treatment of sick calves with bronchopneumonia drugs Tylosin 200 and Pulmosan the recovery period come faster. Also in the article was given the parameters of therapeutic and economic efficiency of complex drugs Tylosin 200 and Pulmosan.

УДК 637.54:619(574.1)

Б. Т. Кадралиева, магистрант

Г. Г. Абсатиров, доктор ветеринарных наук, профессор

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г. Уральск, РК

ИЗУЧЕНИЕ БИОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ МЯСА ПТИЦ НА ЛАБОРАТОРНЫХ МЫШАХ

Аннотация

В статье приведены результаты изучения биологической безопасности птицеводческой продукции на лабораторных мышах.

Ключевые слова: *птицеводческая продукция, оценка биологической безопасности, токсичные элементы, тяжелые металлы.*

В настоящее время наблюдается значительное загрязнение окружающей среды тяжелыми металлами и в частности, соединениями свинца и кадмия.

Установлено, что при кормлении птицы кормами, содержащими допустимые уровни содержания тяжелых металлов, мясо птицы аккумулирует их в себе в количествах, превышающих допустимые уровни. Основная опасность токсичных элементов для организма заключается не в проявлении острого отравления, а в постоянной кумуляции их в органах и